

"Alem GPT чат-қосымшасы" платформасы арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 17 маусымдағы № 326/НҚ бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 22-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Alem GPT чат-қосымшасы" платформасы арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі пилоттық жоба (бұдан әрі – пилоттық жоба) іске асырылсын.

2. Қоса беріліп отырған "Alem GPT чат-қосымшасы" платформасы арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі Алгоритм бекітілсін.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету платформасын ұсынатын "Ұлттық ақпараттық технологиялар" (келісім бойынша) АҚ "Астана Хаб" Автономды кластерлік қорымен (келісім бойынша) бірлесіп, пилоттық жоба аясында мыналарды қамтамасыз етсін: барлық қажетті тарихи деректерді тіркеуді және сақтауды, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін тарихи деректермен толтыруды қамтамасыз ету.

4. "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы "Astana Хаб" автономды кластерлік қорымен бірлесіп, пилоттық жобаны іске асыру кезеңі аяқталғаннан кейін және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабы 2-тармағының 5-1) тармақшасына, 49-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы №123 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16777 болып тіркелген) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларының 4-тармағына сәйкес өнеркәсіптік пайдалануға енгізілгенге дейін мыналарды қамтамасыз етсін:

1) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі бойынша оң нәтижелері бар сынақ хаттамаларының болуын;

2) өзінің жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығының (бұдан әрі – Орталық) болуын және оның жұмыс істеуін немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалармен жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығының қызметін көрсету туралы шарт жасасуды, сондай-ақ Орталықтың Ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылын;

3) деректерді қорғау стандарттарын, ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін және қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №832 қаулысымен белгіленген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.

5. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрықтың көшірмесін қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министріне жүктеу.

7. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2027 жылғы 1 мамырға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі

Ж. Мәдиев

Бұйрығымен бекітілген

"Alem.gpt чат-қосымшасы" платформасы арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету Алгоритмі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "alem.gpt чат-қосымшасы" жұмыс істеу және интеграциялық өзара іс-қимылы Алгоритмі (бұдан әрі – Алгоритм) мемлекеттік қызметтерді жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып көрсету кезінде "alem.gpt чат-қосымшасы" платформасының мемлекеттік және корпоративтік ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

2. Алгоритм келесі процестерге қолданылады:

- 1) пайдаланушыларға мемлекеттік қызметтерді ұсыну;
- 2) интеграциялық қабат арқылы мемлекеттік сервистермен өзара іс-қимыл;
- 3) ЖИ-агенттер арқылы пайдаланушы сұрауларын өңдеу;
- 4) деректердің қауіпсіз алмасуын қамтамасыз ету.

3. Осы Алгоритмде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1. alem.gpt чат-қосымша – мемлекеттік және бизнес-қызметтер көрсету үшін ЖИ-агенттерді құруды және басқаруды қамтамасыз ететін мультиагенттік платформа;

2. ЖИ-агент – пайдаланушылардың сұрауларын өңдеуді, сыртқы сервистермен өзара іс-қимылды және өмірлік жағдайларды сүйемелдеуді қамтамасыз ететін бағдарламалық компонент;

3. Интеграциялық қабат – платформаның сыртқы жүйелермен (ШЭП, ВШЭП, API) өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін сервистер жиынтығы;

4. Пайдаланушы – платформа арқылы қызметтер алатын жеке немесе заңды тұлға;

5. API – ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимыл интерфейсі;

6. ЭЦҚ – әрекеттердің заңды маңызын растау үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңба;

7. Білім базасы – ЖИ-агенттер пайдаланатын құрылымдалған деректер қоймасы.

2-тарау. Платформаның жұмыс істеу тәртібі

4. Пайдаланушы Alem.GPT-ке келесі жолдармен кіреді:

1) Egov Mobile/Egov Business көмегімен Egov QR арқылы ЭЦҚ қол қою;

2) Egov Mobile мобильді қосымшасы ішіндегі Alem.GPT бөлімі.

5. Авторизациядан кейін пайдаланушыға келесіге қолжетімділік беріледі:

1) мемлекеттік қызметтер бойынша ЖИ-агентке чат;

2) ЖИ-агенттермен чаттар тарихы;

3) мемлекеттік қызметтерді алу тарихы;

4) мемлекеттік қызметтерді алу туралы хабарламалар;

5) пайдаланушының жеке кабинеті.

6. Пайдаланушы қызметті алуға келесі тәсілдердің бірімен бастама жасайды:

1) чатта ЖИ-агентпен диалог арқылы;

2) дауыс хабарламаларын жіберу арқылы.

7. ЖИ-агент:

1) пайдаланушы сұрауын талдайды;

2) тиісті өмірлік жағдаятты анықтайды;

3) пайдаланушының сұрауына жауап беру үшін қажетті мәліметтерді Egov.kz порталы арқылы сұратады;

4) уәкілетті мемлекеттік органдарда жасалған мәліметтерді электрондық түрде ұсынады.

8. Қажет болған жағдайда ЖИ-агент:

1) қосымша деректерді сұрайды;

2) электрондық енгізу нысандарын құрады;

3) интеграциялық сервистерді шақыруды бастайды.

3-тарау. Интеграциялық өзара іс-қимыл тәртібі

9. Сыртқы сервистерді шақыру:

- 1) Egov.kz порталындағы REST сервис протоколдары бойынша;
- 2) электрондық үкіметтің сыртқы шлюзі SOAP сервис протоколдары бойынша (қосылу процесі);
- 3) Astana Hub, Astana Innovations бекітілген API сыртқы сервистері арқылы жүзеге асырылады.

10. Сұраулар мен жауаптар:

- 1) логталады;
- 2) дұрыстығы тексеріледі;
- 3) бизнес-логикаға сәйкес өңделеді.

11. Асинхронды процестер болған кезде:

- 1) жүйе сұрау мәртебесін сақтайды;
- 2) пайдаланушыны қызметтің орындалу барысы туралы хабардар етеді.

12. Интеграциялық өзара іс-қимыл Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген "Электрондық үкімет" информатизация нысандарын интеграциялау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген).

4-тарау. Пайдаланушы сұрауларын өңдеу тәртібі

13. ЖИ-агент сұрауларды келесілерді ескере отырып өңдейді:

- 1) диалог контексті;
- 2) диалог тілі;
- 3) пайдаланушы деректері;
- 4) білім базасынан алынған ақпарат;
- 5) сыртқы сервистерден (Egov.kz порталы, ЭҮСШ) алынған ақпарат.

14. Қажетті деректер болмаған жағдайда:

ЖИ-агент сыртқы сервистерге (Egov.kz порталы, ЭҮСШ) сұраныстар орындайды немесе оларды пайдаланушыдан сұрайды.

15. Өңдеу аяқталғаннан кейін:

- 1) пайдаланушыға қызмет нәтижесі ұсынылады;
- 2) нәтиже жеке кабинетте сақталады.

5-тарау. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету

16. Деректер алмасу:

- 1) қорғалған протоколдар (HTTPS, TLS);
- 2) шифрлау механизмдері арқылы жүзеге асырылады.

17. Жеке деректерге қолжетімділік:

- 1) тек пайдаланушының келісімі болғанда;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Пайдаланушылар мен жүйенің барлық әрекеттері:

- 1) журналданады;
- 2) бақылауға және аудитке жатады.

19. Қызмет көрсету аяқталды деп есептеледі:

- 1) пайдаланушыға нәтиже ұсынылғанда;
- 2) жүйеде орындау мәртебесі тіркелгенде.

20. Пайдаланушының мүмкіндіктері:

- 1) қызметтер тарихын қарау;
- 2) қызметтерге қайта өтініш беру;
- 3) мәртебелер туралы хабарламалар алу.

21. Пилоттық жоба аясында деректерді өңдеу және сақтау "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасының (Qaztech) инфрақұрылымдық қуаттарында жүзеге асырылады. ЖИ-компоненттерді өңдеу және жұмыс істеу үшін Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан "AlemCloud" ұлттық суперкомпьютерінде орналастырылған модельдер қолданылады.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және дербес деректерді қорғау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Пайдаланушылардың жеке деректері жабық контур шегінен, соның ішінде тілдік модельдер жұмыс істейтін контурдан шықпайды.